

СӨЖ №5 тақырып: Дәрілік өсімдік атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы

Сабақтың мақсаты: Дәрілік өсімдік атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің мағынасын студенттерге түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

1. Дәрілік өсімдік атауларына қатысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы.
2. Этнолингвистиканың базалық түсініктеріне анықтама беру.
3. Этнолингвистикалық этюдтер.
4. Қазіргі жазушылар шығармаларынан мысалдар келтіру.

Тапсырма: Өсімдік атауларынан қалыптасқан этнолингвистикалық бірліктерге этнолингвистикалық этюд жасау

Орындалу түрі: конспект

Жұмыстың барысы: Өсімдік атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестер-

ге қатысты дәрістердегі мәліметтермен толықтыра отырып, өзіңіз білетін өсімдік атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерге, этнолингвизмдерге этнолингвистикалық тұрғыда талдау жасаңыз.

Үлгі:

Сөз - асылы дауда, шөп - асылы тауда

Біздің ата-бабамыз жер бетіндегі өсімдік дүниесіне тым ерте кезден бастап көңіл бөліп, әрбір шөпті танып біліп қана қоймай, оның малға жұғымдылығын, я болмаса қай шөп зиянды екенін ажырата білуде ерекше тапқырлық танытқан. Әрбір жер бетіне қылтып шыққан өскінге, оның ерекше белгілерін дөп басып айқындайтын жеке-жеке ат қойып, айдар таққан. Ал өсімдікке ат қоюда қазақтан өткен шебер халық жоқ сияқты.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 10 апта